



Бегазы-Дәндібай мәдениеті



ҚОЛА ДӘУІРІН АРХЕОЛОГТАР 3 КЕЗЕҢГЕ БӨЛДІ



- Мыс пен алтынға қарағанда қола мықтылығымен, төменгі температурада балқуымен, әдемі алтын тәріздес түсімен ерекшеленді.
- Қоладан  еңбек құралы, соғыс құралын дайындады
- Тайпалар мал шаруашылығы мен егіншілікке түбегейлі көшті
- .

ҚОЛА ДӘУІРІН АРХЕОЛОГТАР 3 КЕЗЕҢГЕ БӨЛДІ

1. Ерте қола 2. Орта қола 3. Кейінгі қола

- Мыс пен алтынға қарағанда қола мықтылығымен, төменгі температурада балқуымен, әдемі алтын тәріздес түсімен ерекшеленді.
- Қоладан еңбек құралы, соғыс құралын дайындады
- Тайпалар мал шаруашылығы мен егіншілікке түбегейлі көшті
- Б.з.б. 2-1 мыңжылдықта ауа райы өзгеріске ұшырап, 2 мыңжылдықтың соңында қуаңшылық күшейді
- Батыс және Орталық Қазақстанда құдық қазды

- Қоладан жасалған еңбек құралдары еңбек өнімділігін арттырды. Мысалы: ағаш және қола балта

АНДРОН МӘДЕНИЕТІ

- Қола дәуірінде Қазақстанның батыстан басқа аумағын андрондық мәдени-тарихи қауымдастық тайпалары қоныстанды
- Атауы Батыс Сібірдегі Андронов селосының атымен байланысты

□ Б.з.б. 2 – 1 мыңжылдықта ауа райы өзгеріске ұшырап, қуаңшылық күшейді.

Батыс және Орталық Қазақстанда құдық қазу шықты

Қоланы одан жасалатын құралдың қайда пайдаланатынына байланысты әр түрлі құрамда қорытқан.



Одан балта, пышақ, қанжар, шаппашот, жебенің және найзаның ұштары, қайла, орақ, әр түрлі әшекейлер жасаған.



АНДРОН МЭДЕНИЕТИ



3. АНДРОН МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ.



Осы мәдениеттің алғашқы ескерткіші 1914 жылы Оңтүстік-батыс Сібірдегі Ачинск қаласының маңындағы Андронов қонысының аумағынан табылған. Сондықтан бұл ескерткіштер табылған жердің атына байланысты “Андрон мәдениеті” деп аталады.

ҒАЛЫМДАР СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННАН 80-НЕН АСА АНДРОН МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚОНЫСТАРЫН ЗЕРТТЕДІ



Мысалы, Қазақстанның Қостанай облысы мен Ресейдің Челябы облысының шекарасында табылған Арқайымды ғалымдар қола дәуіріндегі қалаға ұқсатады.

служашая для ритуального назначения

Жилище

Площадь жилища - от 50 до 300 кв.м. Большая часть жилища отводилась под общее помещение, где располагался ритуальный очаг прямоугольной формы.

В эпоху бронзы создавались дома аркаимцев.


Ров

С внешней стороны крепость окружалась глубоким ровом, наполненным водой.

Дворик

Стены

Аркаим представлял собой два кольца мощных крепостных стен толщиной 4-5 метров и жилища, примыкающие к ним. Внутренняя стена представляла собой дворик.



ҚОЛА ДӘУІРІНЕ ЖАТАТЫН СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕТРОВКА МЕН БОГОЛЮБОВ ҚОНЫСТАРЫ ОРЛАР МЕН ДУАЛДАРМЕН ҚОРШАЛҒАН.



Орталық Қазақстан аумағынан қола дәуіріне тән 30 қонысты, 150 обоны зерттеді.



Өзде рінің дене құрылысы жағынан андрондықтар еурпеоидтерге ұқсаған.

- бойы онша биік емес
- беті жалпақ
- маңдайлары тайқы



**Сырт бет-бейнесін академик В.
П.Алексеев былай сипаттайды:**

- “Андрондықтар мұрынды келген, бет сүйегі шығыңқы емес, көздері үлкен. Кескін-кейпі ірі дене құрылысы мығым, жігерлі, келбетті адамдар болған”.

4. Андрондықтардың шаруашылығы мен кәсібі.



Олардың басты
кәсібі:

Мал бағу

Кетпенді-теселі
егіншілік

Балық аулау

Балық аулайтын құралдары.




Есіл, тобыл, Ертіс, Бұқтырма өзендерін бойлай қоныстанған.



Өзен аңғарларындағы андрондықтар жерді тесемен өңдеген.



Андрон тайпалары
шаруашылық
саласының бірін *кен*
ісі мен *металл*
өңдеу құрады.





5. Андрондықтардың баспаналары.



Жартылай жертөле сияқты салынып, сырты балшықпен сыланған. Үйдің шатырына сырғауылдар пайдаланған. Оның үстіне шөп төсеп, үстін топырақпен жапқан.


Мұндай
жертөленің
ішінде тастан
ошақ
орнатылған.
Жер еденде
сүт өнімдері
мен ет
сақтайтын
шұңқыр
қазылған.



Солтүстік Қазақстандағы Чаглинка, Петровка қоныстарында құрылыстың қабырғалары қатарластырыла қойылған тік бағаналардан тұрғызылған.

Олар киіз үйдің торкөз керегелері тәрізді жасалған.

Ғалымдар қазақтың киіз үйіне ұқсайды деп есептейді.



Пронзлонденне юрты от видроновского юртыца; 1, 3 — видроновские юртыца; 2, 4 — современная юрты.




Бұл өңірден көптеген мекендер, қорымдар, көне рудниктер, құрбандық орындары, петроглифтер табылды. Орталық Қазақстанның мәдениетіне тән сипаты-оның мазарларының күрделілігі, тас өңдеумен байланысты құрылыс техникасының жетіле түскендігі.



Орталық Қазақстан





Беғазы-Дәндібай мәдениеті мұраларының қазбалары Еуропаға жетелейді

Қазақстандағы ең маңызды тарихи ескерткіштердің бірі – Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын зираттар реставрациялануда. Бір топ археолог-мамандар Беғазы тауларының етегінде қазақтың әйгілі ғалымы Әлкей Марғұланның аяқтай алмай кеткен жұмысын жалғастыруда.



БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТІ ЕУРАЗИЯ ҚҰРЛЫҒЫНАН ТАМЫР ТАРТАДЫ

Бүкіл Еуразия аумағына тараған Беғазы-Дәндібай мәдениеті қола дәуірінің соңғы кезеңіне жатады. Осы мәдениеттің ескерткіштерін Ақтоғай ауданында алғаш рет Әлкей Марғұлан ашқан болатын.

Ғалымның басшылығымен 1947-1952 жылдар аралығында Беғазы тауларының етегінде қазба жұмыстары жүргізілген. Алайда, содан кейін жарты ғасыр бойы әлемдік маңызға ие мәдени мұра қараусыз қалып қойды.



Академик Әлкей Хақанұлы
Марғұлан бастаған
археологиялық экспедиция
Беғазы-Дәндібай мекенінің
1947-1949 және 1952 жылдары
жан-жақты зерттеуді бастады.



Осыдан бес жыл бұрын Алматыдағы археология институты және Евней Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мамандары «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында ежелгі зираттарды қалпына келтіру жұмыстарын бастады.





Не себепті Беғазы-Дәндібай аталды?

Беғазы-Дәндібай кезеңі, ғалым Әлкей Марғұланның зерттеулері бойынша, қола дәуірінің Нұра және Атасу кезеңдерінен кейінгі үшінші кезең. Оның олай аталу себебі, Қызыларай тауының етегіндегі Беғазы қорымы мен Қарағанды қаласы маңындағы Топар елдімекеніндегі су қоймасы астындағы Дәндібай ескерткіш қорымдарының бірлесуінен болып отыр.





Археологтар ойы қандай?

Сағындық Жауымбаев, Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, археолог. Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы. 20 қыркүйек 2009 жыл.

Осыдан жарты ғасыр бұрын Әлкей Марғұлан жүргізген зерттеулер бойынша, Орталық Қазақстан аймағы мен Батыс Сібір жері Беғазы-Дәндібай мәдениеті қамтыған жерлер деген болжам жасалса, бертіндері бұл мәдениеттің Еуразия құрлығын жайлағаны анықталды. Ғалым Сағындық Жауымбаевтың айтуынша, Беғазы-Дәндібай мәдениеті Еуропа жерлерінен Ауғанстан, Иранға дейін созылған.

Археологтар ойы қандай?

– Бір жылдары Ақтоғай жеріне Германиядан археолог ғалымдар келіп, осы жерден табылған метал сынықтарын спектро-сараптаудан өткізген еді. Оның нәтижесі әлгі ғалымдарды таң қалдырды. Себебі, осы қорымдардан табылған метал сынықтарының түрі Еуропа жерлерінен табылған қолдан жасалған бұйымдардың металымен сәйкес болып шыққан. Сонымен қатар, ол жерден табылған қоладан жасалған бұйымдар (ыдыс-аяқ, шаруашылық құралдары) арнайы құрылғылардың көмегімен жасалған болса, орталық Қазақстан жерінен табылған металдан жасалған бұйымдар қолдан жасалынған. Сондықтан, Еуропа жерінен табылған бұйымдардан, қолдан жасалған Беғазы-Дәндібай мәдениетінің қолтаңбасы анық көрініп тұрғанына неміс ғалымдарының көзі жетті, – дейді археолог ғалым Сағындық Жауымбаев.



Қар мен ұшақтар баж салығынсыз әкелінеді (BNEWS.KZ) Қазақстанның KAZTRK.KZ

[Беғазы қорымы НЕСКО тізіміне
ұсынылды.mp4](#)

БОЛАШАҚТА АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАР АШЫЛАДЫ

Мәдени мұра бағдарламасы бойынша Беғазы-Дәндібай қорымындағы реставрациялық жұмыстарды Алматы археологиялық институтының археолог мамандары атқарып жатыр.

Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық институттың бөлім меңгерушісі Арман Бейсеновтің айтуынша, реставрация жасаудағы басты мақсат – болашақта Беғазы-Дәндібай қорымдарымен қоса Қарқараладағы Кент, Апат пен Баянауыл жерлеріндегі тарихи ескерткіштерді қайта қалпына келтіру арқылы халықтың мәдени мұрасын тоналып, жойылып кетуден сақтау.



Беғазы-Дәндібай мәдениеті – болашақ туристік орталық

Жоспар бойынша, бұл жерге туристік кешен ашу көзделіп отыр. Ол үшін осы мавзолейлердің барлығы реставрациядан өтуі тиіс. Осы жердегі алты ірі қорымның бүгінгі күнге дейін төртеуі толық қайта қалпына келтірілді, – дейді Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының бөлім меңгерушісі Арман Бейсенов.

Келесі жылы алты ірі қорымның соңғысы көне кезеңдегі қалпына қайта келтірілуі тиіс.